

№ 1 «31» «08» 2021ж
Педкеңесте каралды

Бекітемін:  Л.Х.Еспанова
Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ КММ директоры




Келісемін:  Б.Д.Сейланов
Аудандық білім бөлімінің басшысы



Тақырыбы

Байқампаздар әлемі
вариативтік компонент

Мектепалды даярлық 0 «А» сыныбы
Орындаған: А.Д.Қуаныш

ӘБ отырысында қаралды:  А.Д.Атыгаева
ӘБ жетекшісі

№ 1 хаттама 28.08.2021ж.

Тексерілді:  А.Ж.Шайхина
Әдістемелік ісі орынбасары

Түсінік хат

Баланы мектепалды даярлау, үздіксіз білім беру жүйесіндегі педагогика ғылымдары мен практикасының ең басты өзекті мәселелері. Мектепалды дайындық оқушының оқу мәселесін жақсы жағдайда болуын байланысты. Бүгінгі мектеп жасына дейінгі оқушылардан Қазақстан келешегі байқалады. Жаңа ұлттық тәрбиелеуде тәрбиенің мазмұны, ізгілендіруі, жекелендіру жаңа педагогикалық дамудың әлеуметтік бағытының түбегейлі өзгеруін талап етеді.

Мектепалды даярлық сыныбында ҰОҚ – де оқушылар есінде түрлі заттың қасиеттерін, сапалық – сандық ерекшеліктері туралы ұғымдар қалыптасады. Соның нәтижесінде заттардың пішінін, түсін, көлемін салыстыра білуге, олардың кеңістіктегі орнын ажыратуға дағдыланады.

Бағдарламалық материалды оқушыларға игерту үшін, мұғалім оқушының жай санауға емес, ой – еңбегіне бейімдеуге олардың қиялын, санасын, зейінін дамытатындай есептерді ауызша шығара білуге үйрету. Осы талаптарға сай вариативтік бөлімге берілген I сағаты «Ойна да, ойла» сабағына жоспар құрдым. Бұл жоспар оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мектепалды даярлау бағдарламасының талаптарына сай құрылған. Сабақ I вариативтік сағатқа жоспарланып, ойын түрде өткізіледі және математикалық сауықтар, дидактикалық ойындар, логикалық есептер жазылады. Жұмбақтар мен жаңылтпаштар, санамақ, өтірік өлеңдер, сергіту сәттері оқушыны қызықтырып көңіл – күйін қуанышқа бөлейді. Әдемі машықтар, сөз өнерінің кестелері, жақсы ұйқастар бәрі де оқушыға әсер беріп қиялын қанаттандырады, ойлауын дамытады.

Мектепалды даярлық сыныптарына арналған «Ойна да, ойла» вариативтік сағаты 5 – 6 жастағы баланың жас ерекшелігіне сай, бағытталып жасалды. Қызықты тапсырмалар, логикалық есептер, санамақтар оқушылардың шығармашылық қабілетін аша отырып қызығушылығын арттырады. Заттың түріне, түсіне, пішініне қарай салыстыру, әр затты өз қолдарымен ұстап, оған мән беру арқылы ішкі сезімге әсер ету, сонымен бірге оқушының өздігінен ізденудің бірден – бір жолы.

Мақсаты: оқушылардың ақыл – ойын жүйелей отырып, зейінің тұрақтандыру. Ойлау қабілеттерін жетілдіру арқылы, дәлдікке үйрете отырып дүниетанымдарын кеңейту.

Міндеті: оқушылардың сандарды танып, ауызша және жазбаша білуге үйрету. Бағыт – бағдарды білу.

Күтілетін нәтиже: заттардың түр – түсіне қарай ажыратады. Есептеу, ойлау, есте сақтау қабілеттері дамиды. Шығармашылық қызығушылығы артады.

Мазмұндық бөлім

1.Қызықты пішіндер әлемі 8-сағат

Бұл бөлімде балалар геометриялық пішіндермен танысады. Дөңгелек, шар, төртбұрыш, үшбұрыш туралы түсініктерін кеңейтеді. Жазықтықтағы бейнелерді құрастыру арқылы ойлау қиялдау қабілеттері дамиды.

2.Көңілді сандар әлемі 15-сағат

Оқушылардың деңгейіне байланысты математикалық жаңылтпаштар, сөз жұмбақтар, ребус көрнекілік ресурстарды қолдану арқылы зейіндерін шоғырландыру.

3.Тапқыштар әлемі 8-сағат

Логикалық тапсырмаларды орындата отырып оқушылардың ақыл-ойын,логикалық ойлау қабілеттерін машықтандыру.

Нормативтік бөлім

Барлығы 33 сағат. Аптасына 1 сағат

р/с	Сабақтың тақырыбы	Максаты	Сағат саны	Уақыты
1	«Қарапайым түсініктер» Кіріспе	«Ғажайып математика әлемі» туралы түсініктерін тереңдету	1	2.09.2021
2	Сандар әлеміне саяхат «Санап көр!» ойыны	Қанша? Неше? Нешеу? Бірдей, әртүрлі. Сандар жайлы түсініктерін одан әрі дамыту.	1	9.09.2021
3	Геометриялық фигуралар	Заттардың екі тобын біріктіру және топтан бірнеше затты бөліп алу. Фигураны бөліктерге бөлу және оны бөліктерден құрастыру.	1	16.09.2021
4	Фигуралар тізбегі «Кім жылдам» ойыны	Кеңістік және уақыт, заттардың екі тобын біріктіру және топтан бірнеше затты бөліп алу мен фигураны бөліктерге бөлу және оны бөліктерден құрастыру.	1	23.09.2021
5	Математикалық таңбалар	Қосу және азайту амалдарының мән-мағынасы. Кестелік қосу мен азайтудың 2,3,4,5 сандарымен жағдайларын оқытып-үйрету.	1	30.09.2021
6	Санның құрамы «Адасқан сандар» ойыны	Санамақтар арқылы оқушылардың тілін дамыту. Есте сақтау қабілеттерін арттыру.	1	7.10.2021
7	Математикалық жұмбақтар	Логикалық тапсырмалар арқылы 0 мен 1 сандары қатынасын жағдайларда қосу және азайту Зейінді жаттықтыру. Балалардың даму деңгейін анықтай отырып ширату.	1	14.10.2021
8	Математикалық жаңылтпаштар	Математикалық жаңылтпаштар жаттатып, өздері құрастыра білуге икемдеу.	1	21.10.2021
9	Қызықты математикалық логикалық тапсырмалар	Оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, оларға логикалық есептер шығаруға үйрету.	1	28.10.2021
10	Математикалық ребустар құрастыру	Ребустар құрастыра білу дағдыларын арттыру.	1	11.11.2021
11	Есеп білген ұтылмас!	Есептерді талдау және шығару.	1	18.11.2021
12	Жұмбақ есептер	Қосу және азайту амалымен шығарылатын есептер. Жұмбақ есептер арқылы қызықтырып, зейінін	1	25.11.2021

		қалыптастыру.		
13	Мультимедиялық есептер	Интернет желісі арқылы есептер шығарту.	1	2.12.2021
14	Кім жүйрік?	Топтар арасында түрлі тапсырмалар бойынша жарыс ұйымдастыру. Бұған дейін алған білімдерін еске түсіру, қайталау, бекіту.	1	9.12.2021 (16.12.2021)
15	Сандар әлемі	«Жүз көлеміндегі сандар». Сандарды оқу, жазу, салыстыру, мән-мағынасын ашу, берілген тапсырмаларды талдау.	1	
16	Сандар әлемі	Жасырынған сандар мен амалдар. «Жүз көлеміндегі сандар» тақырыбының мән-мағынасын ашу үшін тапсырмалар орындау.	1	23.12.2021
17	Логикалық тапсырмалар	Оқушыларды логикалық есептерді жылдам шығару жолдарымен таныстыру.	1	20.01.2022
18	Математикалық эстафета	Санның ондық құрамына негізделген қосу және азайту, санды өрнектер мен әріпті өрнектерді ажырату, есептеуге машықтандыру.	1	27.01.2022
19	Ұшқыр ой	Математикалық сөзжұмбақтар шешуге машықтану.	1	3.02.2022
20	Алтын сақа	Олимпиада есептері. Бастауыш сыныптар арасында өткізілетін олимпиада есептерін шығарту.	1	17.02.2022
21	Геометриялық фигуралар сыр шертеді	Геометриялық фигураларды шырпылармен құрастыру.	1	24.02.2022
22	Сыйқырлы сызғыш «Кім жылдам?» ойыны	Көпбұрыш, үшбұрыштар құрастыру. Периметрлерін табу.	1	3.03.2022
23	Тендеу. «Орамал тастау» ойыны	Тендеу шешуге, әріпті өрнектердің мәнін жылдам табуға, өз беттерімен тендеу құрастыруға үйрету.	1	10.03.2022
24	Тендеу	Тендеулерді күрделі түрінен қарапайым түріне айналдыра отырып, шығарудың тәсілдерін меңгеруге жағдай жасау.	1	17.03.2022
25	Математикалық жұмбақтар	Оқушыларды математикалық жұмбақтарды шеше білуге баулып, сондай жұмбақтарды өздері құрастыра білуге икемдеу.	1	31.03.2022

26	Математика сабағындағы ұлттық ойындар	«Теңге ілу», «Орамал тастау», «Арқан тартыс», «Көкпар», «Бәйге», «Аксүйек», «Алтын сақа», «Ханталапай» сияқты ойындар арқылы өткен тақырыптарды қайталау, қорытындылау, бекіту.	1	7.04.2022
27	Шамалар және оларды өлшеу	«Сықырлы сандықша» ойыны арқылы уақыт өлшем бірлігі, оны үнемді пайдалана білу туралы тапсырмалар орындау.	1	ҚР БҒМ МДОК 15.01.2022 жылғы №18 – 2/63
28	Әзіл есептер	Амаларға есеп құрастырып үйрену. Шамалар туралы қызықты есептер шығару.	1	14.04.2022
29	Масса, сыйымдылық және оның өлшем бірліктері. «Бағбанның тапсырмасын орында»	Масса жайында түсініктерін тереңдету. Килограмм. Күнделікті өмірде кездесетін заттар және олардың өзара байланысы жайлы түсініктерін кеңейту.	1	21.04.2022
30	Масса, сыйымдылық және оның өлшем бірліктері	Сыйымдылық жайында түсінік. Литр. Күнделікті өмірде кездесетін заттар және олардың өзара байланысы жайлы түсініктерін кеңейту.	1	28.04.2022
31	Ұзындық және оның өлшем бірліктері. Километр.	Ұзындықты өлшеу және оны үнемді пайдалана білу.	1	5.05.2022
32	Ойынды шыңдау	Логикалық есептерді оңай есептеу жолдары.	1	12.05.2022
33	Біз не үйрендік? Қорытынды сабақ	Осы уақытқа дейінгі меңгерген білім деңгейлерін анықтап, өзара салыстырмалы түрде қарау үшін топтар арасында сайыс ұйымдастыру.	1	19.05.2022

Ақпараттық – әдістемелік бөлім

- A. Сабақты қызықты, әрі тиімді өткізу барысында дамыта оқыту технологиясын қолданамын. Бүлдіршіндердің ойлауын, зейіндерін, байқағыштық қабілеттерін дамытамын. Ертегілер елінде бағдарламасы арқылы балаларды жақын тартып, өздерін сахналау арқылы кейіпкерлердің жағымды, жағымсыз бейнелерін келтіріп рольдер бойынша қатыстыру арқылы таныту. Бұл бағдарламада балаларды образға ене білуге үйрету, бүтін мәтінді нақышына келтіріп баяндай білуге үйрету, яғни монолог ұғымымен таныстыру, конференсье – жүргізуші туралы ұғым беру зейін қоя білуге, өз ойларын актуализациялай білуге үйрету.
- B. Тәрбиеленушілерді бағалау әдістері: оқушылардың өзін – өзі бағалауға, өзгенің еңбегін бағалауға, топтық бағалау жүйесін қолданамын.

Қолданылған әдебиеттер

Тәрбиеленушілер үшін қолданылған әдебиеттер:

- «Аруна» баспасы, аударған т.Бектаев
- Ж.Кенжалиева «Әдептілік әдемілік». «Аруна» 2004 ж
- «Бөбектерге байғазы» хрестоматиясы 2006 ж
- «Бала және балабақша» журналым 2007 – 2010 ж
- «Балапан» журналы 2007 – 2010 ж

Мұғалімдер үшін қолданылған әдебиеттер:

- Жаманбалинов М, Дүйсенбиев Ә. Қазақ балалар әдбиетінің кітапханасы 2001 ж
- «Аруна баспасы» Жүсіпов Д 2013 ж
- Завязкии О.В. «Играя развиваем» 2006 ж
- Катаева Л.И «Коррекционно – развивающие занятия в Д.О Москва» 2015 ж
- Кел, балалар ойнайық. ҚР Мәдениет және ақпарат министірлігі. Тіл комитеті. Алматы Арда 2006 ж
- Көркем әдебиет . Алматы кітап 2006 ж
- Қайнар мектепке дейінгі балаларды балабақша жағдайында оқыту, тәрбиелеу және дамыту бағдарламасы. Алматы Арда 2006 ж
- Отбасы және балабақша журналдары 2005 – 2010 ж
- Өтетілеу Е. «Жаттамақ» 2001 ж